

ЖҰМА
№ 22 (7664)
5 -12. 06. 2015

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі. (А.Байтұрсынов)

Аманкелді Арайы

1935 ЖЫЛҒЫ 15 МАУСЫМНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

АУДАНДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ



Газет редакциясына мерекелік құттықтаулар



Жансұлтан ТАУКЕНОВ,
Аманкелді ауданының әкімі

Құрметті аудан тұрғындары! Аудандық газеттің жарыққа шыққанына 80 жыл толып отыр. 80 жылдық тарихы бар «Аманкелді арайы» газеті әрдайым ауданымызда атқарылып жатқан игілікті істердің, жағымды жаңалықтардың жаршысы болып келеді.

Газет ұжымы халық арасында Елбасымыздың сарабал саясатын насихаттап, мақтан тұтар байлығымыз, басты құндылығымыз саналатын ұлтаралық татулықты, береке-бірлікті дәріптеуде зор үлес қосуда.

Газет тілшілерінің бүгінгі күн талабына сай жауапкершілігін күшейтіп, ұжымды жанаша бағыттарға жұмылдыруда атқарып жатқан еңбегі зор екенін оқырмандар қауымы да жоғары бағалайды. Газет редакциясы ұжымын мерейтойымен құттықтай отырып, толағай табыс, шығармашылық шабыт, тілейміз.



Әділ САМАТОВ,
аудандық мәслихат хатшысы

Құрметті аудандық газет редакциясы! Сіздерді және барша ауданымыздың ата басылымында істеген журналисттер қауымын газеттің 80 жылдық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Ауданымыздың осы уақыт аралығындағы даму жолдарында, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халыққа рухани дем беруде жасаған еңбектеріңіз ұшан-теңіз. Қазіргі таңда да газет ұжымы заман ағымынан қалмай, Тәуелсіз Қазақстан елінің бір басылымы ретінде бұрынғы бастаған істерді жалғастырып шығармашылықпен еңбек етуде.

Біз аудандық мәслихат депутаттары мен мәслихат аппараты сіздерге үнемі қолдау көрсетіп отырамыз. Алдағы уақыттарда редакция ұжымының қызметкерлеріне шығармашылық табыс тілеп, басылымның сапасының арта беруіне және үлкен жетістіктерге жете беруіне тілектестігімізді білдіреміз.



Әбілфайыз ЫДЫРЫСОВ,
профессор, ғалым-жазушы

Құрметті жерлестер! Сіздерді аудандық газеттің шыға бастағанына 80 жыл толған торкалы тойымен құттықтаймын.

Біздер, журналистика ғылымын зерттеушілер еліміздегі және бұрынғы одақтас, қазіргі ТМД елдеріндегі аудандық, облыстық және республикалық газеттердің қалай шығып жатқанын үнемі назарда ұстап келеміз. Оларды қадағалап отырамыз.

Өзіміз туған батыр ата атын-дағы ауданның газеті солардың ешқайсысынан кем емес. 80 жыл - тарих үшін онша көп уақыт емес. Бірақ, адамдар үшін үлкен жастың бірі.

Аудандық газеттің осы жасқа абыроймен жетуі – аудан журналистерінің ғана емес, халқының және биліктің бәрінің бірлескен жемісті еңбегінің жеңісі деп білеміз. Газет редакциясына және оның қоғамдық тілшілерінің авторларына шығармашылық табыстар тілеймін!



Сәбит ДОСАНОВ,
Ресей Әдебиет Академиясының академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Бұрынғы «Социалистік шаруа», қазіргі «Аманкелді арайы» газеті – менің ұшқан ұям. Мектеп бітірген 1958 жылы оған дейін 2 бет қана болып шығып келген аудандық газет 4 бет болып шыға бастады. 1958-1959 жылдар аралығында газет редакциясында тілші болып қызмет жасадым.

Қазіргі күні аудандық газеттің шығу сапасы жоғары. Кез-келген республикалық басылымнан кем емес. Бұл үшін бас редактор Хамитбек бауырыма ризашылығымыз мол.

Біздің ұстазымыз, ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Әр газеттің өзіндік беті болуы керек» дегені белгілі. Сондықтан да, мен торкалы тойүстінде газет редакциясына оның қызметкерлері мен қоғамдық тілшілеріне, авторларына шығармашылық табыстар тілеймін!



Әбдісағат ТӘТІҒҰЛОВ,
ҚР Ұлттық Инженерлер ғылыми академиясының академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Құрметті Хамитбек Қуандықұлы! Сіз басқарып отырған еңбек ұжымы үшін биылғы жылдың орны ерекше. Аудан өмірінің айнасына айналған «Аманкелді арайы» газетінің шыға бастағанына 80 жыл толып отыр. Айтуға ғана оңай болғанымен шын мәнінде тарихтың тағдырлы бел-белесінен өткен газет үшін бұл мерзім - сынақ та, өркендеу де, самғау да кезеңдері болғаны сөзсіз. Өзінің тұсаукесер шағы ел өміріндегі оларға кезеңмен тұспа-тұс келген газет өңір тіршілігінің шын мәніндегі шежірешісі, қалың бұқараны ілгеріге ұмтылдырушы мінберге айналды. Алғашында «Социалды шаруа», «Социалистік шаруа» атауларымен мыңдаған оқырмандар қолына тиіп тұрған газет кейін дәуір талабымен үндес басылым болды. Оны «Тың шұғыласы», «Ақ жол», «Аманкелді арайы» деп аталуынан-ақ байқайсыз. Аманкелділіктердің шын мәніндегі жансерігі болып, әр жазылушының ой-пікірін бөлісер, келелі шаруаға көшелі сөз айтатын газет редакциясын бұл өңірдің белгілі қаламгерлері, қайраткерлері басқарып отырды. Бүгінде газеттің әр жылдары бас редакторлары болған Диар Нұрымовтың, Әуеш Жоламановтың, Бақыт Имановтың, Бөгетбай Әлмағанбетовтың, Еренғайып Әбдіқалықовтың, Жалғасбек Сүлейменовтың есімдері ризашылықпен аталып келеді.

Құрметті Хамитбек Қуандықұлы, Сіз де өзіңіздің ізашарларыңыз секілді «Аманкелді арайының» оқырмандардың көз қуанышы болуына зор еңбек сіңіріп отырсыз. Осы ыңғайда өзіңіз басқарып отырған редакцияның еңбек ұжымына шығармашылық табыс, зор денсаулық тілейміз.



Жұмабек КЕНЖАЛИН,
«Қазақ газеттері» ЖШС-нің Бас директоры – Редакторлар кеңесінің Төрағасы, ҚР Президенті сыйлығының лауреаты

Жалғасбек СҮЛЕЙМЕНОВ,
«Көкше-медиа» ЖШС-нің Бас директоры



Құрметті жерлестер! Құрметті Хамитбек аға! «Аманкелді арайы» газетінің 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

«Аманкелді арайы» – еліміздің ақпарат кеңістігінде өзіндік орны бар, тарихы тереңнен сыр шертетін, тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жетістіктерін, ҚР-ның Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жаһандық бастамаларын, сондай-ақ өңір экономикасын, тарихын және қоғамның әлеуметтік тыныс-тіршілігін қалың оқырманға қалтқысыз жеткізуге зор үлес қосып келе жатқан байырғы басылымдардың бірі.

Мен алғашқы еңбек жолымды осы газеттен бастадым. Осы газетте, кейіннен «Торғай таңы» газетінде Бас редактор болып қызмет атқардым. Сондықтан да «АА» газеті мен үшін аяулы басылымдардың бірі.

Елдік мүддені әрдайым жоғары қойып, қалың оқырманын ой салар, рух берер материалдарымен қуанып, Торғай өңірінің шын мәніндегі жанашырына айналған басылымның алар асуы, көтерілер биігі әлі алда! Бүгінгі мерейтой – бүкіл оқырман қауымының, газет жанашырларының мерекесі.

Мерейтой құтты болсын! Редакция ұжымына шалқар шабыт және тың шығармашылық жетістіктер тілеймін!

Арыстан АЙТМАҒАМБЕТОВ,
«Арқалық хабары» газетінің Бас редакторы



Құрметті «Аманкелді арайы» газетінің ұжымы!

Қымбатты әріптестер, Хамитбек аға! Сіздерді төл газеттеріңіздің 80-жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Сіз басқарып отырған басылым Қостанай өңірінің ғана емес, барша Қазақстанның байырғы газеттерінің бірі. Ондаған жылдар бойы «Аманкелді арайы» қалың қазақ мекен еткен өлкенің тыныс-тіршілігін халыққа жеткізіп келеді.

«Арқалық хабары» мен «Аманкелді арайы» газеттерінің әріптестік байланысы жылдан жылға нығайып келеді. Қос газеттің бірлесе жасаған жобалары да оқырманның есінде болуы тиіс. Ұжымдарыңызға шығармашылық табыс тілейміз. Әр бастамаларыңыз сәтті жүзеге асып, оқырмандарыңыздың саны арта берсін!

Қайрат ЕСМАҒАНБЕТОВ,
«Торғай» газетінің Бас редакторы



Құрметті «Аманкелді арайы» газетінің ұжымы! Сіздерді газеттің 80-жылдығымен шын жүректен құттықтаймын! Аудан өмірінің шарайнасына айналған басылым бүгінгі таңда тек аудан халқына емес, Торғай өңірі мен Қостанай облысына, тіпті республикаға танымал десем, артық айтқандық емес.

Газеттің оқырман көңілінен шығып, қалың жұртшылықтың көзайымына айналуына бар табиғи таланты мен күш-жігерін жұмсап жүрген дарынды журналист, танымал ақын Хамитбек Мұсабаев ағамыздың ықпалы орасан зор. «Аманкелді арайы» газетінің мерейтойымен құттықтай отырып, әріптестерге шығармашылық шабыт, еңбекте толағай табыс тілеймін. Алға қойған арман-мақсаттарыңызға жетіп, оқырмандардың көңілінен шыға берулеріңізге тілектеспін!



ГАЗЕТТІҢ БҮГІНГІ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІ



СУРЕТТЕ: (Солдан оңға қарай) жас тілші Серәлі Мырзабай, бас есепші Гүлдана Мұқатаева, оператор Айнагүл Шекерова, Бас редактор Хамитбек Мұсабаев, жас тілші Арайлым Қаймолдақызы, жауапты хатшы Гүлбаршын Смайылова, тілші әрі фототілші Әнет Жұмабек

Еліміздегі әрбір аудандық газеттің уақытылы шығып тұруы - сол өңірдің руханиятындағы игілікті оқиға. Өйткені аудандық газет бетінде сол өлкенің күнделікті тыныс-тіршілігі көрініс табады. Оның үстіне аудандық газет – республикалық, облыстық газеттерге қарағанда оқырманға ең жақын тұрған басылым болып табылады. Неше жерден ғаламтор өркендеп кеткенімен қарапайым халыққа қол жетімді әрі уақыт таңдамай кез-келген сәтте оқып тұратын газет-журналдардың орны бөлек. Өйткені аудандық газет өзі тарайтын ауданның көлемін қамтиды. Ал республикалық, облыстық газеттер бұл міндеттерді атқармайды. Себебі облыста 20-ға жуық аудан болса, республикамызда 200-ден астам аудан бар. Олардың күнделікті тіршілігін облыстық және республикалық газеттер қамти алмайды. Мұның үстіне оларға бұл міндет жүктелмеген.

Әдетте кәсіби журналистер газеттерді – жеңіл артерия деп, ал журналдарды – ауыр артерия деп атайды. Себебі газеттер күнделікті шыкса, журналдар ай сайын немесе екі-үш айда бір рет шығады. Журналдарда қызмет істейтін қызметкерлердің бос уақыты көп болады. Ал газеттер жиі шығатындықтан оның жұмысы өте қауырт әрі жедел келеді. Сол жеделдікпен мемлекеттің, қоғамның, ауыл халқының алдында тұрған ең маңызды деген міндеттерді жұртқа уақытында жеткізуге және сол міндеттерді орындауға жұртты жұмылдыруға байланысты іс тындыруы керек.

Газетші журналистің бір күн түгіл бір сәтке бей-жай жүруіне болмайды. Оның әр күні ел өмірімен қоян-қолтық байланыста болуы керек. Ол қашанда – топтың емес, көптің көңілінен шығуға, көптің аңсарын тануға, олардың жақсы

ой-пікірлерін халықтың ортақ қазынасы етуге ұмтылуға тиіс. Осының бәрі өз-өзінен бола салмайды. Жазу үстелінде отырғанда журналистке ешкім де көмекке келе алмайды. Ол қоғамның, елдің тынысын терең аңғарып жазса, көптің көңілінен шығады. Ондай журналистке редактор-

дайындалған материалдарды Астанадан және Қостанайдан қолмен апарып шығарылатын. Бұл мәселені 2005 жылдың аяғына таман шештік. Сол кездегі аудан әкімі Сабыржан Ахметов редакцияны компьютерлендірді. Нәтижесінде сол кездегі оператор Гүлдана Мұқатаева газетті

колына тиеді. «АА» газеті 2014 жылдан бастап тұрақты түрде 8 бет болып шығып келеді. Әрбір мемлекеттік мерекеге сай безендіріліп, түрлі-түсті бояумен шығарылады. Биыл редакцияға жеңіл авто көлік берілді.

Қазіргі таңда аудандық қазақ газеттерінің материалдық жағдайын жақсарту қолға алынды деген әңгіме айтыла бастады. Демек алдағы уақытта «АА» газеті редакциясының материалдық жағдайы нығайтылады деген үміттеміз. Бұрын кеңестік дәуірде аудандық газет редакцияларының материалдық жағдайы зор болатын. Қазіргі күні біз 1945 жылғы штат көлемімен жұмыс істеп жатырмыз. Ол кезде газет 2 бет болып шыкса, қазір жоғарыда айтқанымыздай 8 бет болып шығуда. Ол кезде газет 100 пайыз бюджеттен қаржыландырылатын. Оның сыртында редактор қоры, қаламақы қоры болатын. Алдағы уақытта бұл мәселе сол қалыпта шешіледі деп ойлаймыз.

Газеттің 80 жылдығы - үлкен мереке. Бұл жылдарда редакцияда талай ұрпақ қызмет жасады. Журналистер ауданымызды өркендетуге зор үлес қосты. Дияр Нұрымов, Бақыт Иманов, Қайдар Қожагелдин, Әуеш Жоламанов, Бөгетбай Әлмағанбетов, Кәрім Айтмағанбетов, Еренғайып Әбдіхалықов, Жалғасбек Сүлейменов секілді редакторлар газеттің халықтың сүйікті басылымына айналуына көп еңбек сіңірді. Біз олардың адал еңбектерін құрмет тұтамыз. Сонымен қатар аудан халқы мен аудан басшылығына ризалығымызды білдіреміз.

Газет редакциясы алдағы уақытта да жақсы дәстүрлерді жалғастыра отырып, аудан халқына адал қызмет ете береді.

80 жылдық мереке құтты болсын, ағайын!

Бас редактор

«АМАНКЕЛДІ АРАЙЫНА»

Бет-бейнесін ауданның суреттеген,
Жаңалықты жақсы істі құрметтеген.
80 жаста газеті туған елдің,
Ар-намысын ешқашан кірлетпеген.

Ақ ниетпен, ақ жолмен ғұмыр кешкен,
Түйіндерді тарқатып, әділ шешкен.
Өз газетім, өз досым, өз бауырым,
Құтты болсын осынау сері сексен.

Көпті көрген көнекөз қариядай,
Қандыратын шөліңді дариядай.
Сексен жасқа келсең де әділдікті
Шырқап жүрсің бейне бір ариядай.

Сен бар жерде әділдік орын табар,
Оқырманың отырар алып хабар.
Жазарың көп әлі де биіктей бер,
Бәйге бермес тұлпардай ұзақ шабар.



Бораш ЕРТАЙ,
ақын

лар да әрдайым ілтипат білдіреді. Жақсы жазылған материалды күзеуге де, түзеуге де редактордың қолы бармайды. Қайта жақсы редактор жақсы жазылған әрбір хабарға, мақала мен очеркке балаша қуанады.

Аудан халқының жақсы істерін жарқырата жариялау – аудандық газет редакциясы журналистері үшін үлкен абырой.

Бүгінде газет редакциясында бес адам жұмыс істейді. Бас редактор, жауапты хатшы, тілші, оператор, бухгалтер. Осыдан он жыл бұрын газеттің материалдық жағдайы өте төмен болатын. Газет

беттеуді және дайындалған нөмірді электронды почтамен облыстық баспаханаға дайын күйінде жіберуді меңгерді. Ол бухгалтерлік қызметке ауыстырылғаннан кейін операторлық міндетті Айнагүл Шекерова атқарды. Қазіргі күні бұл қызметкерлер бір-бірінің жұмысын түрлі жағдайларда атқара береді. Бір-біріне көмектесіп тұрады. Редакция оқырманның 2015 жылға жазылуын өзі жүргізді. Нәтижесінде почтаға берілетін қаржы үнемделді. Газетті оқырманға тұрақты түрде тарату мәселесі толық шешімін тапты. Әр аптаның дүйсенбісі күні газет оқырман

АУДАНДЫҚ ГАЗЕТ РЕДАКЦИЯСЫНДА ӘР ЖЫЛДАРДА ҚЫЗМЕТ ІСТЕГЕНДЕР:

1. Айтжанов Кенжетай.	24. Бисекеева Қанапия.	47. Жарлығас Мұратбек.	70. Құсайынов Құрымғали.	93. Өтетілеуов А.	106. Смайылова Гүлбаршын.
2. Айтмағанбетов Кәрім.	25. Бөдесев Таңатар.	48. Жармағанбетов Жолдыбек.	71. Құсайынов Тәшім.	94. Өміртаев Ахметбек.	107. Сүлейменов Жалғасбек.
3. Арбабаева Бану.	26. Бірәлин Есімғали.	49. Жүнісов Сағындық.	72. Мұғанов И.	95. Өміртаев Чарлиз.	108. Сүлейменов Сәбит.
4. Асқаров Самарқан (Самат).	27. Бірмағанбетов Жақсылық.	50. Жұмабек Әнет.	73. Мұқатаева Гүлдана.	96. Рақымжанова Майраш.	109. Тайшыков К.
5. Атынтаев Ансаған.	28. Вандер Марк.	51. Жұманов Миран.	74. Мұқанбетжанов Сәбитбек.	97. Сабыржанұлы Жұматай.	110. Татсыхов К.
6. Ахметова Әсия.	29. Ғаппасов Ғалымжан.	52. Жоламанов Әуеш.	75. Мурзин Зарлық.	98. Садықов О.	111. Татаев Байпақ.
7. Ахметова Құлғаныс.	30. Досанов Сәбит.	53. Зейнуллин Жолдыбек.	76. Мұсабаева Акнұр.	99. Сәлімбаев О.	112. Тасмағанбетов Сапарғали.
8. Ахметова Нұрбибі.	31. Досжанов Хамит.	54. Ибрагимов Ж.	77. Мұсабаев Хамитбек.	100. Сейдағалиев Намазбай.	113. Теміржанұлы Қонақбай.
9. Әбдіқұлы Сейілбек.	32. Досмағанбетов Мүсілім.	55. Иманов Бақыт.	78. Міржүсіпқызы Әмина.	101. Сейдәзімов Өтеген.	114. Тілеужанов Рамазан.
10. Әбдіхалықов Еренғайып.	33. Дүйсеков Сақтаған.	56. Кемешев Нұрхан.	79. Мірқалиқызы Базарқұл.	102. Сейдахметов Төлеген.	115. Фазылова Ақжібек.
11. Әбенев Бейсенбек.	34. Ержанов Тұраш.	57. Қайнарбаев Ә.	80. Нәжікенов Бөдеш.	103. Сеилова Алтынай.	116. Хайроллаұлы Уәли.
12. Әбілтай Әбжан.	35. Есжанов С.	58. Қақанов Рамазан.	81. Нұрғазин Еркін.	104. Сыздықов Әлмұхаммед.	117. Халықов Қазтай.
13. Әкімбекова Қарабас.	36. Есмағанбетов Ердос.	59. Қапышев Мейрамхан.	82. Нұрқасымов Максұтбек.	105. Смағұлов Қалжігіт.	118. Хасенова Әйгерім.
14. Әлмағанбетов Бөгетбай.	37. Есмағанбетова Шайзат.	60. Қапышева Ләззат.	83. Нұрманов Ақан.		
15. Әлмағанбетова Жанат.	38. Есполова Гүлбаршын.	61. Қарағұлов Ғалымбек.	84. Нұрманов Сақан.		
16. Әлмағанбетова Ғалия.	39. Жайлаубаев М.	62. Қанафин Қасымбек.	85. Нұрымов Дияр.		
17. Әсіпов Бөпе.	40. Жағыпаров Бүркітбай.	63. Қанафия Қанеш.	86. Шекерова Айнагүл.		
18. Әсіп Сапабек.	41. Жағыпарова Шакира.	64. Қанафияұлы Мейрам.	87. Шонғалов Серікбай.		
19. Байғабылов Токтарбай.	42. Жақаев Әбдіғали.	65. Қойшығұлова Зейнегүл.	88. Оспанов Көшекбай.		
20. Бәйтөміров Бақытбек.	43. Жакыпбекова Мәшқура.	66. Қойшығұлова Зибегүл.	89. Оспанов Насыр.		
21. Бейсекеев Сұлтанғали.	44. Жаманова Ұмындық.	67. Қожагелдин Қайдар.	90. Өмірбеков Е.		
22. Бейсенбаев Қабылсалық.	45. Жанғабылов Жаңбыршы.	68. Қоянбаев Жалғасбек.	91. Өмірқұлова Әлия.		
23. Бекетов Бүркітбай.	46. Жансарин Хамит.	69. Құрманбаева Жаксыгүл.	92. Өмірқұлов Максим.		

Әзірлеген Г.СМАЙЫЛОВА

РЕДАКЦИЯДАН: Құрметті оқырман! Бұл тізім толық күйінде жарияланып отыр демейміз. Себебі газет редакциясында 1935-1936 жылдарда қызмет істеген кісілердің кейбірі әзірге белгісіз болып отыр. Сол сияқты, 1937-1960 жылдар аралығындағы газетте қызмет істегендердің ұмыт қалуы мүмкін. Себебі, кейбір газет нөмірлері қолымызға түспеді. Егер ұмыт қалған кісілерді білген адамдар болса хабарласуларын өтінеміз.

110200. Меншік иесі: «Аманкелді арайы» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редакторы - Х.Қ.МҰСАБАЕВ

Газет ҚР Мәдениет және Ақпарат Министрлігінде 2014 жылдың 17 сәуірінде қайта тіркеуден өткізіліп, №14308-Г куәлігі берілді. Газет «Қостанай - полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Жарнама мен хабарландырудың, құттықтаудың мәтініне редакция жауап бермейді. Газетте жарияланған автор пікіріне редакция көзқарасын білдірмейді. Компьютерлік 3 беттен асатын материялдар қабылданбайды. Мақалалар компьютер-

де теріліп редакцияға электронды вариантта жеткізілуі тиіс. Түсініксіз қолжазбалар қабылданбайды. Аптасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табақ. Таралымы - 1970 дана. Тапсырыс - 1156

Мекен-жайымыз: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2- қабат, Телефондар: (8 714-40) 2-38-10. 2-10-57.

Ағайын, арта берсін ізетіңіз, «ХАЛЫҚ ЖАУЫ» ДИЯР НҰРЫМОВ - АЛҒАШҚЫ РЕДАКТОР

НЕМЕСЕ КЕЛІНІ ДӘМЕТКЕН СӘРСЕНБАЕВА МЕН ҚЫЗЫ ДӘМЕТХАН ДИЯРҚЫЗЫ ШЕРТКЕН ҮЗІК СЫР

1

Аудандық газеттің 80 жылдығы қарсаңында жүргізген іздестіруіміздің барысында Дияр Нұрымов атамыздың фамилиясы өткен ғасырдың 40-шы жылдарының басында жиі ұшырасты. Кім екенін білмесек те газеттің биылғы нөмірлерінің бірінде «Газет Редакторлары» деген тақырыппен ол кісінің суретін жариялаған болатынбыз. Бұл сурет редакция қоржынынан алынған еді. Суреттің сыртында «Редактор Д.Нұрымов балаларымен бірге» деп жазылған. Суретті редакцияға тапсырған Дәметкен Сәрсенбаева деген апамыз екен. Сұрастыра келгенде Дәметкен Сәрсенбаева елге «Айқасқа» деген аңызға айналған тұлпарымен танылған, атақты мал өсіруші, марқұм Серікбай Хамитов ақсақалдың зайыбы болып шықты. Біз бұл кісіні бұрыннан танушы едік. Бірақ, фамилиясын білмегендіктен ойымызда болмапты. Дерек жиналып, жолға шықтық. Апамызбен дидарласуға асықтық.


- Мен бұл кісіні ата деп өттім. Күйеуім Серікбайдың әкесінің туған інісі еді. 1987 жылы 2 қаңтарда біздің тұңғыш баламыз Сапардың қолында қайтыс болды. Енеміз Ражан екеуі Сапарды туысымен бауырларына басты. Оны біз олар дүниеден өткенше атамыз бен әжеміздің баласы деп келдік. Қайтыс болған соң марқұмды Есір ауылындағы «Қыржігіт» қорымына жерлеп, өз қолымызбен қойдық. Басына темірден там орнаттық. Екі қызы Сағила апамыз бен Дәметхан қайынсіңім баласына көктас әкеліп орнатты. Марқұм атам «Мен аудандық газеттің алғашқы редакторымын. Сол газетті өз қолыммен құрдым» деп отыратын.

Мен бұл шаңыраққа 16 жасында, 1961 жылы келін болып түстім. 1962 жылы өмірге Сапар келді. Атам мен әжемнің атын өмірі атаған емеспін. Атам көп сөйлемейтін, өте жуас адам еді. Жакында Сіздер газет бетінде жариялаған суретті редакцияға мен апарып тапсырғанымды ұмытып қалыппын.

Сол суретті орайы келсе қайтарыңыздар. Түбі балаларым оны үлкейтіп, реставрация жасаып, төрімізге қояр, - деді.

Біз бұл әңгімеден соң Дәметкен апамыздан Дияр ақсақалдың кіші қызы Ақтөбе қаласында тұратын Дәметхан апамыздың ұялы телефонын алдық. Ол кісі газеттің 80 жылдығын естіп, қатты толқиды. Әкесі туралы әңгіменің шетін шығарғанымызда сондай қуанып: «Қап, маған ертерек айтпаған екенсіздер. Егер хабар жеткенде мен 80 жылдықтың қатысатынын едім. Шүкір, жағдайымыз жаман емес. Жолдасым Ақтөбе облысының азаматы, есімі Жанай. Кезінде Торғай облысында бірқатар жауапты қызметтер атқарған. Екеуіміз машинамен баратын едік. Бірақ әлі де ойланп көрейік, реті келсе баруға тырысамыз. Себебі Жәкен ауруханаға жатуға тиіс еді. Егер ол дәрігерлермен келісіп, ретін тапса, Алла қаласа, міндетті түрде 80 жылдыққа қатысамыз! Әкеміз «Мен Аманкелді аудандық газетінің өз қолыммен құрдым, алғашқы редакторымын деп айтатынын» рас.

Ол кісі 1945 жылы Аманкелді аудандық «Социалистік шаруа» газетінің редакторлығынан қазіргі Әулікөл аудандық газетіне редактор болып ауысты. Ол жерде Аманкелді ауданының азаматы, батыр атамның ұрпағы Бақыт Иманов деген кісі редактор болып істеп жүр екен. Обком екеуінің орнын алмастырған. Менің әкем 1945 жылдан 1955 жылға дейін Әулікөл аудандық газетінің редакторы болып қызмет жасады. 1955 жылы көшік-кон жөніндегі мекеменің басшысы



болды. Одан Аркалык қаласына келіп, кен басқармасында жауапты қызмет істеді. Одан соңымнан ерген жалғыз інім Түгелжан Алматыда Университетте оқып жүріп, қайғылы халде қайтыс болды. Оның қазасы ата-анамды, әсіресе, әкемді есенгіретіп жіберді. Әкем марқұм 3-4 жылға дейін түзеле алмай, қайғы мен уайымнан қан жұтып, азап шекті. Бірақ, «өлгеннің соңынан өлмек жоқ» деген ғой. Біраз жылдардан соң есін жиып, қайтадан Аркалыкқа оралды. Түгелжанның сүйегі Науырзымда жатыр. Сіздердің менің әкемді еске алып, еңбегін елеп, суретін газет бетіне шығарып, редактор болғаны туралы оқырманға мәлімет бергендеріңізді естіп, қатты қуандым. Бірақ, мен қызбын ғой. Қыз - жатжұрттық деген. Шетте жүрміз. Келесі жылы әкеміздің туғанына 110 жыл толады. Алла қаласа, сол кезде елге барып, рухына дұға бағыштатсақ деген ниетіміз бар. Оның орындалуын Алла біледі. Туған жер, өскен елді сыртта жүргендіктен жиі аңсаймын. Балалық, жастық шағымыз өткен туған жердің аты - туған жер ғой! Біздің нағашыларымыз Қолдасбаевтар әулеті. Менің анам Ражан-Айтмағанбет Қолдасбаевтың үлкен қызы. 1912 жылы туған. Әкем 1906 жылы қазіргі Жанкелдин ауданының Қызыл әскер өңірінде дүниеге келген. Руымыз Торы қыпшақ ішінде Бессары деп аталады. Жақын туысымыз атакты Таласбай молдалар. Әкеміз өзінің айтуынша ол Торғай қаласындағы 4 сыныптық Иванов орыс мектебін бітірген. Екі тілге бірдей жүйрік еді. 1937 жылы «Халық жауы» болып ұсталып, Ыбырай Тәшпановпен бірге Қалымаға айдалған. Екеуі тату дос болды. Айдауда өткен өмірлерін еске алып отыратын. Әкем орыс тілін жетік білуінің арқасында И.Сталинге, М.Калининге хат жазып, 1939 жылы ақталып, елге оралған. Апам Сағила Диярқызы 1940 жылы туған. Қазір Алматы қаласында тұрады. Зейнеткер, 2 қыз, 1 ұлы бар, бақытты отбасы, немере-шөберелерінің ортасында өмір сүруде. Әкем 1940 жылдан бастап Аманкелді ауданында қызмет істеген. Келген бетінде уақытша жауапты редактор, кейін редактор болған. Менің әкем туралы бар білетінім осы. Ал Серікбай Хамитов пен оның әйелі Дәметкен Сәрсенбаева - менің аға-жеңгем.



УЧАСТНИКИ ШЕСТОЙ ОБЛАСТНОЙ ПАРТИЙНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
декабрь 83 г. АРКАЛЫК

Сондай жақсы сыйласып келеміз. Әкем марқұм 1970 жылдан бастап солардың қолында біраз тұрды. Біз 1990 жылға дейін Аркалык қаласында тұрдық. Азаматым Жанай - жайсаң жан. Инабатты, білімді азамат. Тату-тәтті сыйласып, өмір сүріп жатырмыз. 1 қыз, 1 ұлымыз бар. Немерелеріміз де баршылық. Қазір біз ұлымыз бен келініміздің қолында тұрып жатырмыз. 1990 жылы Ақтөбеге келдік. Міне оған да 15 жылдың жүзі болыпты. Алайда елмен хабарымыз үзілген жоқ. Әкеміздің ата-бабалары бай, ауқатты кісілер екен. Біреулер көрсеткен соң бай баласы ретінде «Халық жауы» атанған. Негізінде бір әке - біздің әкеміздей-ақ болсын! Ата жұртымыз да, нағашы жұртымыз да Аманкелді ауданына белгілі адамдар. Біз ол кісілерді мақтан тұтамыз. Бірде Бірмағанбет Қолдасбаев нағашым маған «Қалқам, Дәметхан, сенің әкеңнің алғашқы редактор болғаны рас. Бірақ мұны ешкім жазып жүрген жоқ. Түбі зерттей жатарсыңдар» - деген еді. Енді міне, аудандық газеттің 80 жылдығы қарсаңында әкеміз аты қайта аталып, ел есіне түсірілгені - біз үшін үлкен қуаныш. Ақ түйенің қарны жарылғандай, өлген тірілгендей, өшкен жанғандай оқиға! Қуанышымда шек жоқ! Сіздер болашақта аудандық газеттің алғашқы редакторларының есімін олар қызмет істеген үйдің қабырғасына жазып қойсаңыздар - қандай ғанибет болар еді?! Бәріміз де - мәңгілік емеспіз. Алланың өлшеп берген дәм-тұзы таусылған күні аманатын қайтарамыз. Сондықтан да, бір кезде елдің көзі мен құлағы болған, жаңалықтың жаршысы атанған алғашқы редакторлар мен журналистердің еңбегін елеп-ескеріп жүргендеріңіз абзал болар еді» - деді Дәметхан апамыз.

2

Біз бұл жаңалықты хабарды естіп, ойғақалдық. Себебі Аманкелді ауданының газеті қазіргі дейін 1935 жылдан бастап шығады делініп жүр. Ал 1935-36 жылдардағы газет тігінділері біз қараған мұрағаттар мен кітапханаларда жоқ. Әрине, іздесек тауып қалармыз. Сонда Дияр Нұрымов ақсақал газетке 1935-1936 жылдары редакторлық еткен болады. Немесе тағы бір ой келеді. Сол жылдарда Аманкелді ауданын Ақтөбе облысының азаматтары басқарды. Сол облыстың азаматтары аудандағы біраз жауапты қызметтердің тізгінін ұстады. 1937-1942 жылдар аралығында редактор болған Ә.Қайнарбаев пен

М.Жайлаубаевтар үлкендердің айтуынша ақтөбелік азаматтар. Дияр ақсақал мүмкін редакторлықты солардан алған алғашқы аманкелділік редактор болар. Осы екі мәселенің басын ашу - алдағы күндердің міндеті. Бірақ, қалай болғанда да Дияр Нұрымов ақсақалдың - Аманкелді және Әулікөл аудандық газеттерінде ұзақ жылдар редактор болып қызмет жасағаны шындық. Бір жұмбақ жәйт - алғашқы редакторлар мен журналистер жайлы осы уақытқа дейін олардан кейінгі журналистер мен редакторлардың жазбауы. Сонымен қатар, сол редакторлар мен журналистердің өмірбаяндарын өз қолдарымен жазып қалдырмауы. Енді бізге осы олқылықтың орнын толтыру - парыз болып отыр. Онай шаруа емес. Бірақ, талпыныс жасап жатырмыз.

Қызы Дәметхан апамыз осы мақала әзірленіп жатқанда ақсақалдың жеке түскен суреті мен 1983 жылы Торғай облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, қазақ халқының маңдайына біткен аяулы азаматтарының бірі Еркін Нұржанұлы Әуелбековпен және облыс басшылығымен бірге түскен және өзінің жолдасы Жанаймен, апасы Сағиланың, жездесі, Ресей Академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі ғалым Бақытжан Мұртазинмен түскен және інісі Түгелжанның суреттерін жолдауға уәде етті. Уәдесінде тұрып сол суреттерді түн ішінде интернет арқылы «Аманкелді арайына» жолдап, қолымызға тигізді. Бүгін біз сол суреттерді мерекелік нөмірге жариялап, оқырманға мәлім етіп отырмыз.

3

Енді мақаланың тақырыбына келсек, келіні Дәметкен мен қызы Дәметханның әкесі айтты деген сөздеріне және аудан зиялы қауымының алғашқы өкілі,

белгілі ұстаз Бірмағанбет Қолдасбаевтың кепілдік еткен сөздеріне сенсек, шындығында да 1937 жылы халық жауы болып сотталып, 1939 жылы өзінің білімділігімен ақталып, елге оралып, аудандық газетте редакторлық қызмет атқарған Дияр Нұрымов ақсақал аудандық газеттің алғашқы редакторы болған деген сөзге сенуге болады. Бірақ, әзірге бұл солай деп үзілді-кесілді, пышақкесті айтуға болмас. Өйткені біздің қолымызда 1935, 1936 жылдардағы газет тігінділері жоқ. Егер ол тігінділер болса Дияр ақсақалдың редактор болып қол қойғаны тайға таңба басқандай анықталар еді. Ал бірақ адам айтқысыз азапты сапардан аман оралып келіп, әуелгі кезде 1940 жылдан бастап редактордың міндетін уақытша атқарушы, 1943 жылдан бастап 1945 жылға дейін редактор болғаны - талассыз шындық. Мұны архивте сақталған газет тігінділері айғақтап отыр. Алайда, қалай болғанда да Дияр Нұрымовтың жергілікті азаматтар арасынан аудандық газеттің алғашқы редакторлары болғаны - ақиқат. Оны ешкім теріске шығара алмайды. Дегенмен алдағы уақытта зерттеу жасауымызға тура келеді. Оған қызықты бір себеп - Аманкелді аудандық газеті алғашқы кезде «Социалды Шаруа» деген атпен шыққан. Ал сол тұста Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ аудандық газеті де дәл осындай атпен шығып тұрған. Екеуінің де «Социалды шаруадан» - «Социалистік шаруаға» айналуы бір кезде болған. Бұл екі аудандағы 1929 жылғы Ұлт-Азаттық көтерілістер де бір жылы, бір күні өткен. Бірі - «Батпаққара көтерілісі», бірі - «Созақ көтерілісі».

Таяуда архивті қараумен көптен айналысып жүрген Сейдолла деген ақсақал «Аманкелді ауданы газетінің 1932 жылғы тігінділері партия архивінде бар. Мен ертеде оны өз көзіммен көрген едім» - деп тосын бір жаңалық айтты. Егер бұл рас болса, газеттің шығу тарихы алға қарай 3 жылға жылжиды. Алдағы уақытта бұл деректі де зерттеп көрмекпіз. Тарихқа үңілу - адамды қызықтыра түседі. Оны одан әрі зерттеуге еріксіз жетелейді...

4


Жедеміз Жанай ақсақал мен апамыз Дәметхан осыдан бір күн бұрын жеңелері Дәметкен Сәрсенбаева арқылы хабар тиген соң ақылдасып, кенесіп, ауруханада жатып, емделуді уақытша доғара тұрып, аудандық газеттің 80 жылдық торқалы тойына қатысу үшін Ақтөбеден арнайы түрде Аманкелдіге келуге уәде етіпті. Дәм нәсіп етсе, 2015 жылдың 12 маусымы күні газеттің алғашқы редакторының қызы аудан халқымен кездесетін болады. Лайым да, солай болғай!

Қ.ҚУАНДЫҚҰЛЫ

СУРЕТТЕРДЕ: Дияр Нұрымов, келіні Дәметкен, күйеубаласы Бақытжан, қызы Сағила, күйеубаласы Жанай мен қызы Дәметхан. Ұлы Түгелжан және облпартконференцияға делегат болып барған (2-ші қатарда сол жақтан 9-шы тұрған)

80-ге келді-туған газетіңіз!!!

Халық тек бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жаңалыққа сусын-дап отырады. Жаңалықпен қамтамасыз ететін жергілікті жерлерде өзінің тұрақты тілшілері бар. Ол тілшілер ауыл жаңалығын аудандық, облыстық редакцияға жіберіп, баспасөз өкілдерінің жұмысын жеңілдетіп отырған. 80-90 жылдары жаңалықтың жаршысы бола білген Құмкешу ауылының бір тұрғыны бар. Есімі Кәкімжанов Асқар Кәкімжанұлы. 1939 жылы 17-ші тамызда 1 май селолық совет ауылына қарасты жерде дүниеге келген. Ауылда көп жылдар шопан болған. Шопан болып жүріпте штаттан тыс тілшілік қызмет атқарды.



ҚОЙ МЕН ҚАЛАМДЫ ҚАТАР БАҚҚАН

АУДАНДЫҚ ГАЗЕТТІҢ БІР КЕЗДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ТІЛШІСІ АСҚАР КӘКІМЖАНОВ
ТУРАЛЫ ҮЗІК СЫР

Сол кездегі аудандық «Тың шұғыласы», қазіргі «Аманкелдіарайы» газетіне Социалистік еңбек ері, Ленин ордені иегерлері атанған шопандар жайында көптеген мақалалары жарық көріп тұрды. Мақалалары жүйелі, тереңнен қозғап санадағы сан түрлі ойды сілкіп жазған көрінеді. Әкесі Кәкімжан кезінде ел ішіндегі дау-дамайды шешетін ділмар кісі болған деседі. Әкесіндегі шешендік ұлының бойына дарып Асқар атамызда халықтың жоғын жоқтай білген. Мінезі тік, ешкімнен жалтармастан ашығын айтып, тура сөйлейтін адам. Ел ішіндегі келеңсіз жағдайларды назардан тыс қалдырған емес. Шешімін таппай жүрген күрделі мәселелерді көтеріп, бір жүйеге түсіріп отырған. Онысы еліне деген сүйіспеншілік, халқына деген жанашырлығы әрине.

1983 жылдары қой бағып жүріп Асқар ақсақал үлкен олжаға кенеледі. Өткен заманда өмір сүрген ер мен әйел адамның мүрдесімен, сол кезеңде қолданылған ыдыс аяқ, құмыра және өшекей бұйымдар тауып алды. Ертедегі салт - дәстүрмен жерленген екен. Зерттеушілер келіп сараптама жүргізіп, қорытындысында Қола дәуіріне тән деп тұжырым жасады. Бүгінде ол дүниелер Арқалық қаласының мұражайында сақтаулы тұр.

Асқар әке Бейсін апамыз екеуі екі ұл, төрт қыз дүниеге әкелген. Алайда апамыз дүниеден ерте кетті. Ғұмырының соңына дейін атамызға қолдау беріп қиындықта да, қуанышта да қасынан табыла білді. Бұл күндері балалары өсіп-өркендеп, барлығы үйлі-баранды болды. Үлкен ұлы

Арқалық қаласында тұрады. Екі қызы ел ордамыз Астананың тұрғыны. Бір қызы мен бір ұлы Құмкешуде тұрып жатыр. Қара шаңырақта кіші ұлы келіншегімен әкесін бағып қағып отыр.

80-ге таяған Асқар атамыз ел ішінде сыйлы, әлі тың, ауыл ішіндегі жиын тойлардан қалмай барып жүреді. Немере, шөбереге ардақты ата болып отырған жайы бар.

Осындай еңбегі ерең кісілер ел ішінде әліде баршылық. Солардың асыл мұраларын келешекке жеткізіп дәріптеу жас журналист біздерге міндет.

Сералы МЫРЗАБАЙ,
А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай Мемлекеттік
Университетінің журналистика
мамандығының 1 курс студенті

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛДЫ



31 МАМЫР
САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН
ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ



«Шұғыла» ЖДО алаңында «31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне» арналған митинг өтті. Аудан әкімі Ж.Тауқенов сөз сөйлеп, енді ол жылдардың қайталанбауын тіледі. Аудандық А.Иманов атындағы мемориалдық мұражай директоры Н.Игіліков тарихқа шолу жасап, жазықсыз жапа шеккен аға буын өкілдері туралы баяндама жасады. М.Қапышев атындағы халық театрының әртістері 1937-38 жылдардағы нақақтан-нақақ атылып кеткен ұлтымыздың көзі ашық, көкірегі ояу азаматтары туралы шағын сахналық қойылым ұсынды.

Митингі аяқталысымен жиналғандар «Сатыбалды ишан» кесенесіне барып, жазықсыз айыпталған құрбандардың рухына құран бағыштады.

А.ҚАЙМОЛДАҚЫЗЫ
А.Байтұрсынов атындағы Университеттің журнали-
стика мамандығы бойынша 1 курс студенті.
Суретте: іс-шарадан көрініс.

• Бір кезде газет редакциясы мен баспахана егіздей еді

Ақбала Хасенқызы ЖАҚАЛАҚОВА - аудандық баспахана ардагері:

ГАЗЕТІМІЗ ӨРКЕНДЕП, ӨСЕ БЕРСІН!



Қазақ халқының ұғымында еңбектің орны ерекше. Өйткені еңбек дегеніміз адамның көркі, қоғамның айрықша дамуының негізі. Еңбексіз ештеңе де өзінен өзі келмейді. Бүгінде бар өмірін тек еңбек етуге арнаған жандар жетерлік. Солардың бірі, аудандық баспаханада 40 жыл бойы уақытпен санаспастан қызмет атқарған Хасенқызы Ақбала апай. Сүйікті жар, аяулы ана, ардақты әже атанып отырған апайымызбен «Аманкелді арайы» газетінің шыға бастағанына 80 жыл толуына орай сұхбаттасу үшін, қара шаңырағына ат басын бұрған болатынбыз:



бөліп беретін. Әріптерді, жазылатын жолдарды өлшеп, пішінін дұрыстап, макет жасап беретін Өтегенов есімді ағайымыз болған. Ол кісінің жұмысқа деген жауапкершілігі мол еді. Біздің міндетіміз бірде-бір қате жібермеу. Егер қате кетсе оны түзету қиынға соғатын. Сөздердің барлығы бидай секілді жан-жаққа шашырап кететін. Сосын оны қайтадан теруге тура келеді. Бәрін маржандай теріп қоятынбыз. Оның өзін тура бөлмесең, келмей қалады. Бәрін жөндеп болғаннан кейін газеттің кезекші редакторы «Басуға» деп қол қояды. Оқыған соң негізгі редактор қарап шығып, «Шығаруға!» - деп қол қойып беретін. Күнін, уақытын бәрін жазып көрсететін.

Қате кетіп қалмас үшін бәріміз жабылып оқып шығатынбыз. Ешкім сөгіс алып қалмас үшін, жиналысқа шақыртпас үшін жұмыла жұмыс жасадық. Бізді бәрі қара жұмыс істейді дейтін. Ол шынымен де солай еді. Оның бір себебі, жұмыстан кейін қолдарымыз қап-қара бояу болып қалатын. Сол бояуды кетірудің өзі біршама уақытты алатын. Денсаулыққа да зияны бар еді. Өзінді күтіп, шырын, сүт ішіп жүруің керек. Бір кездері аз материал терген адам аз ақша, көп материал терген адам көп ақша алатын сәттер де болған. Қорғай құйып та жаза білдік. Соның бәріне қарамастан біз өз ісімізді сүйіспеншілікпен, шапшаңдықпен орындадық. Әріптердің орындарын жаттап алғандықтан, газетті әңгіме айтып отырып тере беретінбіз. Сондағы әңгімеміз түндегі оқыған кітаптарымызды талқылау болатын. Өркім әртүрлі роман оқитын болғандықтан,

біріміздің оқығанымыз, бірімізге қызық болып көрінетін. Сөйтіп уақытты қызықты өткізіші едік. Қандай қиындық болса да, ұйымшыл болған ұжымымыз оған қасқайып қарсы тұра білді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демеі ме? Міне, бұл біздің ұстанымымыз болды. Ең бастысы, бір-бірімізге деген сеніміміз мол еді. Мерекелерді қалдырмай атап өтетінбіз. Мейрамханаға отырып, үнемі бас қосып тұратынбыз. Жастық шақтың албырт сәттерін де осылай пайдалана білдік қой.

- Газеттен кейін басқа жерде қызмет жасадыңыз ба?

- Баспахана жабылғаннан кейін жұмыссыздыққа бардық. Бүкіл мекеменің жазылған қағаздарын көрсеттім. Сөйтіп, сол жерге жұмысқа тұрдым. Бір жыл жұмыс атқардым. Кейін тоққа қосылмайтын, қолмен жазатын аппаратпен жәрдемақы беретін жерде жеке кәсіпкер болып, өзім қағаз бастым. Жұмыс талғаған жоқпын.

- Газетіміздің 80 жылдығына байланысты өзіңіздің тілегіңізді білдірсеңіз?

- «Аманкелді арайы» газеті өркендеп, өсе берсін! Үлкен көлемді мақалалар шыға берсін деймін. Ең бастысы оқырмандар санының көбейе беруін тілеймін. Газетке керегі де - сол оқырмандар ғой. 80 жыл бойы өшпеген газет, одан кейін де өшеді деп ойламаймын. Керісінше өседі деп сенемін! Бізбен бірге қызмет істеген журналистерден бүгінде Хамитбек пен Гүлбаршын жүр. Қалғандарының көбі бақиға аттанған. Біразы зейнеткерлікке шықты. Кейбірі басқа жақта тіршілік кешуде. Аудандық газетіміздің ғұмыры ұзақ болсын! Редакция ұжымына зор жетістіктер тілеймін!

Сұхбаттасқан Арайлым

КАБИМОЛДАҚЫЗЫ
А.Байтұрсынов Университетінің 1 курс студенті.

Суреттерде: ерлі-зайыпты баспагерлер Ақбала-Жұмабек Жақалақовтар. А.Хасенқызының партия, кәсіподақ, комсомол билеттері, облыстық партия комитеті конференциясына қатысқан сәті.

- Сәлеметсізбе апай! Өзіңіз және отбасыңыз жайлы айтып өтсеңіз?

- Сәлемет пе, айналайын! Мен 1969 жылы 10-шы сыныпты бітірдім. Содан кейін тамыз айында баспаханаға жұмысқа орналастым. Екі ұлым, үш немерем бар. Аллаға шүкір, немерелерімнің бәрі де жақсы оқиды. Жолдасымның есімі Жақалаков Жұмабек. Целиноградтың полиграфиялық техникумын бітірген. Соның ішінде қағаз басушы саласын меңгерген. Екеуіміз бірге бір жерде жұмыс жасадық. Уақытпен санаспай ғаң атқаннан кеш батқанға дейін жұмыс істейтінбіз. Өте еңбекқор азамат еді. Сол азаматым 54 жасында дүниеден өтті. Бізді тәрбиелеген ұстазымыз әрі басшымыз Қазтай Ахметжанов ағай болатын. Ол кісінің еңбегі зор еді.

- Атқарған қызметіңіз туралы толығырақ айтсаңыз?

- Алғаш жұмысқа 18 жасымда келдім. 2006 жылға дейін еңбек еттім. Біздер баспаханада 13 адам жұмыс істедік. Жартысы орыс газетін шығарса, қалғанымыз қазақ тіліндегі газетті шығарумен айналыстық. Өмірімің



бәрін осы баспаханаға арнадым десем болады. Әріптестерімнің бәрі дерлік жақсы адамдар болды. Өте мейірімді, қамқор, ең бастысы бір-біріне адал болатын. Қазір көбісі зейнетке шықты. Бәріміз де ол кездері жас едік. Сол себептен де кез-келген жұмысты іліп алып кететінбіз. Әріпті бір-бірілеп қолмен тердік. Газеттің жолын өлшейтін арнайы сызғыштар болады. Өрқайсымызға жазатын мақалаларды

ақша алатын сәттер де болған. Қорғай құйып та жаза білдік. Соның бәріне қарамастан біз өз ісімізді сүйіспеншілікпен, шапшаңдықпен орындадық. Әріптердің орындарын жаттап алғандықтан, газетті әңгіме айтып отырып тере беретінбіз. Сондағы әңгімеміз түндегі оқыған кітаптарымызды талқылау болатын. Өркім әртүрлі роман оқитын болғандықтан,

Ауданымыздың тарихында өзіндік орны бар кісінің бірі - Кәрім Айтмағанбетов ақсақал екенін оны жақсы білетін жасы үлкендердің өзі сиреп келе жатыр. Солардың бірі - құжаттағы жасы бойынша таяуда 90-ға толған тыл және еңбек ардагері Жұмакүл Құлымбетова апамыз. Апай көпшілік бас қосқан мәжілістерде Кәрекеңнің ағасы Бірмағанбет Қолдасбаевты - әкемдей болған кісі деп, ал Кәрім, Әлім сынды екі азаматты - туған бауырымдай болған туыстарым деп отырады.

- Бізді бір туысымыз 1928 жылдың мамыр айында сонау Ұлытаудан Батпаққараға қоярда-қоймай көшіріп әкелді. Келісімен көп ұзамай Үкімет барлық мал-мүлкімізді тәркілеп, қуғынға салды. Анам Қати әкеме: «Отағасы, алдымыздан терең қазылған орға бола көшіп келген екенбіз. Ендігі жағдайымыз не болады?» - деп қамыққаны есімде. Сол 28 жылдың аяғында бізді көшіріп әкелген туысымыздың өзі тұтқындалып, Ілеге жер аударылып кетті. Басымызға қиын күндер туды... Мен сонда 4 жастан 5 жасқа қараған баламын ғой, нені білемін, сұрықсыз күндер өтіп жатты. Екі ағам Айдарбек, Жандарбек те «бай тұқымы» атанып, олар да айдалып кетті. Біз сіңілім Көпей екеуміз шалкемпірдің қолында қалдық. Одан әкем марқұм қайтыс болды. Сол кезде бізге Бірмағанбет әкей қамқор болды. Кәріммен, Әліммен бірге өстік. Одан мен бөжеткен соң жұмыстың реті келмей, не істерімді білмей жүргенде тағы да Бірекең әкей қызметке орналастырды. Туыстарымыздан көрмеген жақсылықты Бірекең әкейден көрдік. Бұл әулет - ынабатты әулет қой. Ал Кәрім өте ізгі жігіт! - деп жиі айтып отырады.

Шындығында да ағай - қатты сөзді білмейтін жұмсақ мінезді, білімді де парасатты кісі. Көп жылдар бойы ауданымыздың идеологиялық саласына басшылық жасады. Әуелі аупарткомның насихат және үгіт бөлімін басқарды. Одан аупарткомның идеологиялық хатшысы болып сайланып, игілікті қызмет етті. Кіршіксіз партиялық қызметкердің жарқын үлгісі бола білді. Барлық жағынан тазалығын, рухының биіктігін, интеллектуальдық деңгейінің жоғарылығын көрсетті. Қызметте ешкімге дауыс көтерген емес. Қысқа да нұсқа сөйлейтін. Өзін де, өзгелерді де сыйлай білетін. Уақытты бағалай білетін. Сондықтан да оны қарауындағы мекеме басшылары да сыйлап, көңілін қалдырмауға тырысатын.

◀▶ *Бәйгеге*



Жаңа-жаңа ел шаруасына араласа бастаған біздің үлгі алар, ақыл сұрар ағамыз Бөгетбай еді. Ол кісі аудандық «Социалистік шаруа» газетінде редактор қызметінде болып, өмір тәрбиесі молайған шағында жанадан құрылған Иманов атындағы совхозға партия комитетінің хатшысы болып сайланды. Мен де сол совхоздағы комсомол комитетінің хатшысы едім. Алғашқыда Бөкенмен екеуімізге бір кабинетте отыруға тура келді. Содан басталған сыйластығымызға ешқашанда сызат түспей, туыстай болып, біріміз іні, біріміз аға болып кеттік.

Арада төрт-бес жыл өткенде тағдыр өзенінің ағысымен жүзе жүріп мен Алматыдағы жоғары партия мектебіне кеттім де, ол кісі аудандық газеттің редакторлығына қайтадан барды. Сол оқу орнының үшінші курсында оқып жүргенімде Бөгетбай ағамызда Алматыдағы Жоғары партия мектебін сырттай оқып, бітіруге арналған емтихандарды тапсырды. Сөйтіп, Бөкен де, мен де партия қызметінің жоғары білімді мамандары болып алдық.

◀▶ *Бәйгеге*

АҰМАҚТЫҢ АРДАҚТЫ АҚСАҚАЛЫ КӘРІМ АЙТМАҒАНБЕТОВ АУДАНДЫҚ ГАЗЕТ РЕДАКТОРЛАРЫНЫҢ БІРІ



Өткен ғасырдың 60-ыншы жылдары біздің Аманкелді ауданына да көптеген жаңалықтар әкелді. Жоғары оқу орындарын алғашқы болып бітіріп келген жастар: Төкен Елтебаев - ұлт аспаптар оркестрін, Мейрамхан Қапышев - халық театрын, Әбілбек Ұзақов - мүсін өнерін, Тәшім Құсайынов - Амангелді музейін құруды қолға алды. Сол кезде осы кісілердің бәріне Кәрім Айтмағанбетұлы жанашырлықпен қарады. Оларды үнемі қолдап отырды. Аудан мәдениеті мен өнерін жаңа биікке көтеру жолында қолынан келген көмегін олардан аянып қалмады. Нәтижесінде ауданымыз руханият саласында жақсы жетістіктерге жетті.

Білім беру мен спорт саласында да жаңаша көзқарас қалып-тасты. Осыекі саланың да мерейі артты. Білімді де тәжірибелі ұстаздар шоғыры қалыптасты. Спортта да Тәшім Құсайынов, Орынбасар Исағұлов, Чапай Хасенов, Сәкен Кәкімов, Жеңіс Махатов, Жеңіс Дүйсенбаев, Ағыбай Төлегенов секілді т.б. спортшылар мен жаттықтырушылар шықты. Мәдениет пен білім

ордалары жаңа ғимараттармен толықты. Ауданда айтыс өнері де осы тұста қайта өрістеді. Үздік ұстаздар мен мәдениет, өнер майталмандарына құрметті атақтар да осы кезде көп берілді. Осы жарқын жетістіктерге ауданның өзге басшыларымен қатар Кәрім ағаның да елеулі үлесі бар еді.

Амангелді елінің ауыл шаруашылығы кадрларын даярлауда алтын ұя болып, аңызға айналып кеткен «ҚАБИДЫҢ АКАДЕМИЯ-СЫ» да осы тұста өмірге келді. Осы «Академияны» бітірген жергілікті кадрлардың қай-қайсысы болсын кейін совхоз директоры, мекеме басшысы, бас маман, совхоз партия ұйымының хатшысы болып қызмет жасады. «Қабидың Академиясының» (Қостанай ауыл шаруашылығы техникумының филиалы) филиалын Амангелдіге уақытша әкеліп, жастарды оқытуға да Кәрім ағаның үлесі болды.

Ағаның жақсы бір қасиеті - алдына келген адамның көңілін қалдырмауға тырысатын. Сонымен қатар кейбір құрдастарының қатты сөздері мен тас-талқан шорт мінездерін де үн-түнсіз көтере білетін. Олармен айтысып-тартысып немесе ашу шақырмайтын.

Сондықтан болар, көңтерілі де сабырлы мінезі үшін оны алдындағы жасы үлкен ағалары да, қатар-құрбылары да, Төкен, Тәшім, Мейрамхан, Әбілбек, Жұмағали Өмірбеков бастаған кейінгі інілері де жасандылықтан аулақ шынайы қалыпта сыйлайды. Бәрі де оның бірауыз сөзіне тоқтады. Үлкені де, кішісі де аға тұтты. Бұдан олардың өздері де, Амангелді батыр елі де - ұтпаса, ұтылмады. Ауданымыздың бір биікке көтерілген кезі - дәл осы кез болатын.

Ағай аудандық газеттің ілгерілеуіне де үлес қосқан. 1960 жылы сәуір-мамыр айларында уақытша редактордың міндетін атқарған. Ол бұл қызметті Әуеш Жоламановқа тапсырған. Соңғы дерек бойынша Әуеш ақсақал да газетке екі рет редактор болған екен. Бұл деректі Кәрім ағай да растайды. Және журналистерге деген ықыласы да жоғары. Бақыт Иманов, Әуеш Жоламанов секілді ағалары туралы жылы пікірлер білдіреді.

- Газет – ең мықты насихат құралы, - дейді ағай.

Кәрім ағай - бүгінде зейнеткер. Сол баяғы сы-

ЖОЛБАСШЫ БОЛҒАН БӨГЕТБАЙ

білімділігі, айтар ойының шалқар теңіздей тереңдігі, сөз сөйлеудегі шеберлігі, бәрі-бәрі оның болмысын танытып тұратын еді. Соны бірге жүрген біздер, жұмыстас болған, дәмдес болған кездерімізде көрдік, білдік.

Бөкеңнің кім екенін, қандай адам болғанын көрсететін тағы бір айғақ, оның жазып кеткен «Торғай тарландары» деп аталатын кітабы. Оқыған жан Бөгетбай Әлмағанбетұлының әдеби зерттеуші болғанына көзі жетеді. Кітапты оқыған оқырман Торғайдағы Сейдахмет, Жарбасты Мәтібай, Есенжол сияқты от ауызды, орақ тісті ақындарды біледі. Олардың ел арасындағы теңсіздікті, зорлық-зомбылықты қалай сынап, мінегенін оқиды. «Торғай тарландары» кітабы елдің көңілін тапқан, қызыға оқитын, шытырманды оқиғаларға толы шығарма. Сөзі жатық, тілі жеңіл, оқуға оңай кітаптың көнігі журналистің қолымен жазылғанын білу қиын емес. Сейдахмет ақын басындағы қиындығын, кедейліктің берген азарын былай деп жазыпты:

Құдай-ау мен не қылдым бұл заманға,

Қадірім болмайды екен жұрт аманда.

Жарбасты Мәтібай да суырып-салма шешен болған адам. Сол кісінің шығармаларын халық аузынан теріп алып, аудандық газет арқылы көпшілікке жеткізгенде осы Бөгетбай ағамыз еді. Осылай еңбек ете жүріп: «Торғай өңірінен шыққан ақын-жыршы, әнші, күйшілердің өлең-жырлары, ән-күйлері А.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағынан басқа шығарылған кітаптарда кездеспейді» -дегенді қинала, қынжыла айтқан еді Бөгетбай ағамыз.

Әсіресе, Қыпшақтың Торы

пайы, сырбаз қалпында. Көзге түскісі келмейді. Ауыздыға - сөз, аяқтыға - жол бермеу деген әдеттен мүлде аулақ. Көрінген жерге килігіп мезі етпейді. Әр деңгейдегі басшылардың есігін жағалап, уақыттарын алып, әрі-сәрі әңгіме де айтпайды. «Жастардың заманы, сондықтан оларды алаңдатпайық. Жоғары жақ сеніп жауапты қызмет беріп отырғанда, олардың өздерінше жұмыс істеуіне кедергі келтірмеу жөн» - деп біледі. Қыбыр-жыбыр ұсақ сөзге мүлде жоқ. Білгішсінбейді, көрінген нәрсеге араласып, қадірін қашырмайды.. Ол кісінің арамызда сау-сәлемат жүруінің өзі - жақсылық. Жан-жағына шапағатын шама білетін осындай абзал жан-дар көп болса - өмірдің қызығы арта түседі. Жақсы адамдар - ұлттың рухани байлығы, асыл қазынасы. Біз көбіне өздігінен үндей қоймайтын адамдарды бағалай бермейміз. Сөзінің дәмі жоқ, ойының мәні жоқ, бірақ пысықсынып, лепіріп тұрғандарды көбірек құрметтейміз, жақсы адам сол екен деп жүреміз. Жеме-жемге келгенде әлгі сайрауықтың әшейін қуыс-кеуде біреу екенін кеш ұғамыз. Сол екі аралықта жақсылар жасып, жамандар тасып, ақылдылар тірліктің осыбір тұрлаусыздығына бастарын шайқап, не істеудің амалын таппай алаңдап жүреді. Өмір шіркін осынау жұмбақтарымен қайран қалдырады. Жақсы адам - қашан да жақсылық жолынан таймайды. Халқымыздың «Асыл адам - айнымас» деуі де сондықтан. Бұл - парасаттылық, биік мәдениеттілік, рух тазалығы мен қуаттылығы. Сондықтан да, ағаның көңілі көтеріңкі, жаны шат, ұйқысы тыныш.

Тылдың бар ауыртпалығын ешкімнен бір де кем көрген емес. Соғыс басталғанда 13 жасар бала ғой. Көрмегенді көрседі «Мен мынандай шаруа істедім» деп айтпайды. Мақтанбайды. Мақтаншақтықты ұлы Абай ағамыз жек көрген. Ақын атаның осы сөзін Кәрім аға өзіне бұлжымас бағдар еткен. Балалары мен немерелері де бұл кісінің осы қасиетін бойларына сіңіре білген. Жетістіктерге жетіп жүрседі, үндемей-ақ үлкен істерді тындырды.

Қ.ҚАҰАНДЫҚҰЛЫ
СУРЕТТЕ: тыл және еңбек ардагері
К.Айтмағанбетұлы

оны аға деп ардақтап жүргендер де аз емес. Мен де солай деп өзімнің жолбасшым болғанымна мақтандым. Оны сәті келген кездерде айтып та жүрмін. Біз Бөгетбай деген ағамыздың болғанына мақтанамыз. Өйткені, оның ақылын тындаған, айтқанын орындаған жандардың жаманын көрген жоқпыз. Бәрі де өмірден өз орындарын таба білген, қатарларының алды болған, абырой мен атаққа кенде болмаған адамдар еді.

Б.Әлмағанбетұлы ауыз әдебиетінің жанашыры болды. Оның Торғай өңіріндегі ауыз әдебиетінің даму, өсу, өрбу жолдарын зерттеген шығармаларын оқып та жүрдік, естіп көрдік. Қаламгер ағамыздың ол еңбектері – ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін көрсетеді, ұлттық өнердің болашағына жасаған құрметі деп түсінеміз.

Ойы ұшқыр, қаламы үшкір, қаламгер ағамыз кішіге үлгі, үлкенге ізет көрсетіп өткен азамат. Сол бейне біздің есімізде сақтала береріне сенімдіміз. Фәниде жасаған игі істері о дүниеде сауаптан болсын, мәңгілік орыны жәннатқа жайғасын, иманды болсын деп тілейміз. Әр бағыштаған дұғамызды бір Аллаһ қабыл етсін дей отырып, Бөгетбай Әлмағанбетұлы туралы айтарымыз таусылмайтынын білеміз. Бөкеңнің жақсы істерін бүгінгі ұрпаққа үлгі етіп ұсына білсек, оны жөнімен жүйелеп айта берсек тәрбиелі жастардың өсеріне, олардың көп боларына кәміл сенеміз.

Суретте: ардагер журналист Б.Әлмағанбетұлы.

Хамит ДОСЖАНОВ,
байырғы газет қызметкері.
Арқалық қаласы.

Хамитбек МҰСАБАЕВ - ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одақтарының мүшесі

БАҚЫТ ИМАНОВ

Атағын атасының биіктеткен,
Әлінше еңбегімен сүйікті еткен.
Тұратын үш кітаптан - бір роман,
Кезінде Бақыт аға жазып кеткен.

Айырар ақиқатты ел түбінде, -
Дегендей жас домалап кірпігінде.
Жазғанын баспаларға бастыра алмай,
Сақтаған мұқияттап архивінде.

Секілді Мұқағали ұлы ағамыз,
Соңында Баханның да тарады аңыз...
«Күшіктер өзі өсірген» сырт бергенде,
Не күйде болғандығын сұрамаңыз...

Жүргендер айтқан сөзін теріп жазып,
Сыртынан оқ атқанда орын қазып.
Ішінен тынған сабаз басын шайқап,
Тыныстап отыра алмай бойын жазып.

Сонан соң Есениннің жолын құшып,
Ол да ішті жабыққанда іші пысып.
Сөзіне сұмандардың пысырмады,
Кердендеп өздерінше жүрген пішіп.

Іңгәлап туған жері - «Терісбұтақ»,
Қумады тіршілікте мансап, атақ.
Жазушы,
Редактор һәм
Журналист,
Төрінде шаңырағының түр – Үш кітап!

Өңмендеп - әлдекімше тыраштанбай,
Қитығып - жоқ нәрсеге қиястанбай.
Төзімді болған екен – қара жердей,
Сезімді болған екен – көк аспандай!

Ырқына сезім көнбей, төзім көнсе,
Боздаған боз далада бозінгенше.
Жан сырын ақ қағазға Бақыт аға...
Құйыпты соңғы демі үзілгенше.



Кезінде бағалады бірақ та кім,
Көре алмай кетті марқұм мұрат – бағын.
Арабша хатқа түскен Үш кітапты...
Аударып қайта-қайта парактадым...

Бұл - оның еңбегінің таңдамасы,
Күн туды берілетін жолдамасы.
«Баспаға тапсырамын, келісім бар», -
Деп қазір жүр ағаның бір баласы.

Бас идім бейтін көріп әруағына,
Талас жоқ – үлкен дарын болғанына,
Амалсыз қиналасың... туған жерде...
Есімі ескерусіз қалғанына...

...Атақты Иман ата – шөбересі,
Кемеңгер Көшімбектің – немересі –
Бақыттай - журналисін,
Жазушысын,
Ұмытпас – болса егер де ұрпақ есі!!!

Ол тарихын ауданның түгендеді,
Құныға оқып, оқырман елендеді.
Әттең, кейбір жігіттер:
«Уәкеннің –
Кітабында көркемдік төмен» - деді.

Көркемдікті жазған жоқ Уәкен көздеп,
Білді өнердің патшасы ол да – Сөз! – деп.
Тарихына сусаған Торғай халқы
Өр кітабын ағаның оқиды іздеп!

Бар мәселе емес қой – жылтыр сөзде,
Жібегіңнен артық қой елге бөз де!
Әсем етіп жазуды білмеген жоқ,
Жазды асығыс халыққа керек кезде.

Бар киеден – жоғары Сөз Киесі,
Уәкен талай кітаптың болды иесі!
Сылдыр сөзден не пайда?
Болмаса егер –
Ұрпақтарға беретін тәрбиесі!



Түспей тұрмас шөп-шөңге дарияға,
Зор құрметпен қарау жөн қарияға!
Ауданының тарихын жазып тұңғыш,
Қалды өзі де - тарих боп Уәли аға!

ЕРЕНҒАЙЫП ӘБДІХАЛЫҚОВ

Еркелеп Сізге өскен ек,
Шарапты бірге ішкен ек...
Іні боп еріп соңына,
Ғажап бір дәурен кешкен ек.

Алағай дағы бұлағай
Дәуірде сонау жадағай,
Сүйеніш болдың біздерге,
Қайран да абыз Ер-аға-ай!

Бай едің шіркін, мінезге,
Салушы ең сырлы әуезге.
Ильяның әсем «Әселін»,
Шырқады сендей кім өзге?

Сәуірде самал ескенде...
Ақ бұлттар көкте көшкенде...
Босайды біздің көңіліміз
Өзіңіз еске түскенде...

Сыйлады Сізді туған ел,
Болдыңыз бізге асқар бел.
Келгенде шабыт,
Кеудеңнен -
Атылды өлең бейне сел!



Ел қамын үздік білдіңіз,
Бақытты өмір сүрдіңіз.
Ақтады үміттеріңді,
Ғұлама Амангелдінің!

Өркімнің жөні әр басқа,
Мақтамайды ғой - ел босқа!
Редакторлардың ішінде,
Жан едің пай-пай, марғасқа!

САПАБЕК ӘСІП

Асықпай ақырын жүріп, анық басып,
Торғайда журналист боп қалыптасып.
50-де – Алматыны тұрақ етіп,
70-те – Шерхандармен иықтасып.

Түзедің шапқан сайын шабысыңды,
Біледі елің бүгін табысыңды.
Жер жайын зерттеп жазып әр қырынан,
Естірттің азаматтық дауысыңды.

Қажымас қарапайым қаламгерсің,
Қайтпайтын алған беттен табанды ерсің.
Есен-сау аман жүрсең бұл қалыппен,
Сапеке, 80-ді де жүгендерсің.

Қақпанбел қабырғалы қарагерсің,
Ел жаққа ертелі-кеш елендерсің.
90-ның тұғырына көтерілсең,
Ойға алған көп шаруаны түгендерсің.

Секілді сәуірдегі – сылаң сағым,
Сонау бір студенттік балаң шағым...
Өтті ғой көз алдында...
Сол күндерді –
Ағатай, білесіз бе, жиі аңсадым...

Ол сенің – кезің еді жүрген жасып,
Амалсыз Қостанайдан Алматы асып...
Жол таптың, қиналсаң да ретімен,
Іні боп Сырбайменен араласып.



Демеуі қайырлы боп Сырбай нардың,
Шығардың бәрін іштен қапалардың...
Қисайған қанатыңды түзеп алып,
Қосылып ұлы көшке кете бардың.

Очерк, мақалаңда - сыр-шыңдығын,
Қаламмен қайрат қылып жүрсің бүгін.
Айта бер, бодан болған Ресейге,
Жеріңнің бастан кешкен бар сұмдығын...

ҚОНАҚБАЙ ТЕМІРЖАНҰЛЫ

Екеуіміз бір ауылдың баласы едік,
Көзінің ағы менен қарасы едік.
Торғайдай ұлы өзеннің:
Қараторғай,
Сарторғай –
Секілді егіз саласы едік.

Өмірге қатар келіп, қатар өстік,
Сыр-аға мен Ғафанды - көке! - дестік.
Солардай ақын болсақ деп армандап,
Біріміз-бірімізді жетелестік.

Кітабын Абай ата ту ғып ұстап,
Оқыдық...
Жаттық талай басқа жастап...
Онбестен оналтыға қарағанда,
Жырды да жаздық қатар, бірге бастап.

Өсірген еркелетіп бәрімізді,
Сүйдік қой біз де туған жерімізді.
Арнадық оған албырт сезімменен,
Алғашқы тырнақалды жырмызды.

44 жыл – артық-кемсіз содан бері,
Уақытты кім қайтарар сірә, кері?
Алыста қалған солбір балдәуреннің,
Өзіңсің - жаза баспас куәгері.

Бұлақтай күліп аққан сылдыр-сылдыр,
Домбыра әуеніндей күмбір-күмбір
Жыр құйдың,
Көркемдігі көзді арбаған –
Секілді күміс шолпы сынғыр-сынғыр.

Жампоз жыр жазу – бірі шын ерліктің,
Белгісі – кең тынысты кемелдіктің.
Жаныңның нұрын құйып әр сөзіне,
Шыңына шықтың шырқап шеберліктің!

Келеміз тірлік кешіп егіз қатар,
Көп болғай – дәм-тұзымыз алда татар.
Көп болғай – тандарымыз күліп атар,
Көп болғай – күндеріміз күліп батар.

Түспей-ақ – түрлі-түрлі айтысқа да...



Енбей-ақ – ырду-дырду тартысқа да...
Аптықпай,
Ақырын жүріп, анық басып,
Жеттік қой сау-сәлемат 60-қа да!

Жыр жазып сәбидейін балпанактай,
Лепірмей,
Көп ішінде кеуде қақпай...
Жүрерміз енді қалған ғұмырда да,
Ежелгі қалпымызбен беу, Қонақбай!

Көрмеген мансұқ етіп кісі хакын,
Біртуар бауырымсың жаны жақын.
Жырлаған туған жерді жасандырып,
Өзіңсің - ел бағына туған ақын!

...Екеуіміз бір ауылдың баласы едік,
Көзінің ағы менен қарасы едік.
Торғайдай ұлы өзеннің:
Қараторғай,
Сарторғай –
Секілді егіз саласы едік...

Қос Торғай – қос дария елге жағып
Келеді бағзы күннен жұртын бағып.
Сол егіз өзендейін:
Жыр дариямыз –
Жатса екен мәңгі бірге қатар ағып!

УӘЛИ ХАЙРОЛЛАҰЛЫ

Сексеналты жасында Уәкен де өтті,
Қаламымен жұртына қызмет етті.
Өзге еңбегі бір төбе,
Басты еңбегі –
Туған аудан тарихын жазып кетті!

Әлсіз деме, қарағым, кара шалды,
Ұнатқан жоқ тірлікте ол осалды.
Туған аудан тарихы – тың еді ғой,
Сол тыңға алғаш ақсақал түрен салды.

Газеттерді...
Парақтап архивтерді,
Жылнамасын ауданның жиып-терді.
Шалдығуды білмеді, шаршауды да,
Бағындырды қаламмен биіктерді!

Қуанышка кенелтіп жүректерді,
Іс жүзіне асырып тілектерді.
Ақиқатты айтты ол құжаттар мен
Жайып салып шетінен деректерді...

Басы – тәтті өмірдің соңы – қатты...
Бір ізге сап берді ғой тарихатты.
Кітаптары жалғасып бір-біріне,
Баспалардан жыл сайын шығып жатты.

Тарих тыңын армансыз ол қопарды,
Мұраларды бір емес, мың қотарды.
Бәрін жазып жалықпай ретіменен,
Аға ұрпақтың еңбегін алға апарды.

Мүйізденді саусақтар жаза-жаза,
Жұмыс қылды өзіне бермей маза.
Ағайынға білмедім - қандайлығын,
Ал тарихқа - болды оның ары таза.

Шенділерге жалпақтап бас ұрмады,
Жалған сөзді басынан асырмады.
Бұқпантайды білмеді,
Ашық айтты –
Ақиқатты ешқашан жасырмады.

ГАЗЕТПЕН ҚҰРДАС ҚАЛАМҒЕР ЕДІ

КӨРНЕКТІ ЖУРНАЛИСТ ТӘШІМ ҚҰСАЙЫНОВ ТУРАЛЫ ҮЗІК СЫР

Аудандық газет редакциясында біз қызмет еткен жылдарда екі тілде (қазақ, орыс) жазатын қаламгерлер болды. Олар Тәшім Құсайынов, Жалғасбек Қоянбаев, Бақытбек Бәйтеміров, Ұмсындық Жаманова, Максим Өмірбеков және басқалар еді.

Тәшім аға – бір қалыпты, өте білімді, ішкі мәдениеті жоғары, биік интеллектуальды кісі еді. Тура жүріп, тура сөйлейтін. Қашанда әділдікті, адалдықты, тазалықты сүйетін. Өтірік айтуды, көлгірсуді білмейтін. Өте талғампаз болатын. Сәнді киінетін, үстіне қылау жуытпайтын. Қазіргі Әл-Фараби атындағы Ұлттық Университетін үздік бітіріп, Жанкелдин аудандық «Біздің Торғай», облыстық «Қостанай таңы» газеттерінде қызмет атқарып, одан соң Қазақ ССР Теле-радиокомитетінің төрағасы болған атақты Кенжеболат Шалабаевтың көмекшісі болып қызмет жасады. Кенжекендей білімпаздың көңілінен шығуының өзі Тәш-ағаның қандай адам болғанынан хабарлар етері анық. Сондай-ақ, ол волейболды Алматыда жүргенде Олжас Сүлейменовтің командасында ойнаған атақты спортшы болатын. Олжекеннің де көңілінен шығу – тіптен оңай шаруа емес екені белгілі. Тәшекен осындай дегдарлардың көңілінен өзінің терең білімділігімен, қабілеттілігімен шыққан саңлақ.

Өткен ғасырдың 60-шы жылдарының екінші жартысында Тәшекен елге оралды. Келген бетінде көп ұзамай 1969 жылы қазіргі М.Дулатов көшесіндегі аудандық мәдениет бөлімінің ескі үйінде Аманкелді ағамыздың мемориалдық музейін өзі қолымен құрып, алғашқы директоры болды. Бұл – оның туған ауданымыздың тарихындағы жасаған үлкен жаңалығы еді. Ол кезде біз мектепте оқитынбыз. Аманкелді аға музейіне көп баратынбыз. Бір жағынан атақты журналист, волейболшы, эрудит Тәшекенді көргіміз келіп барушы едік. Ол кезде Аманкелді музейіне келушілер көп болатын. Мұның бір себебі жаңалықты оқиға болғандықтан шығар. Тәш-аға сол музейді өз қолымен негіздеп кетті. Ел арасынан Аманкелді батыр өміріне қатысты қанша ма, жәдігерлерді жинады десеңізші?! Соның бәрінің шып-шырғасын шығармай өзі секілді газетші Жаңбыршы Жаңғабылов ағамыздың қолына тапсырды. Тәшекен бастаған жақсы істі Жаңбыршы аға одан әрі өркендетті.

Қарап тұрсақ – аудандық музейді құрып, қалыптастырған журналистер екен. Бұл – журналистердің туған ауданын өркендетуге, оның мәдениетін дамытуға қосқан зор еңбегі мен мол үлесін көрсететін дерек. Жалпы, қай салада болмасын аудан журналистері үлкен жаңашылдық танытудан танған жоқ. Бұл ретте журналистердің еңбегі еленбесе де, елінен алғыс алғаны анық.

1993 жылы күзде орынбасарым Өтеген Сейдәзімов ағамыз кенеттен науқастанып, 56 жасында дүние салды. Өтекенді мәңгілік сапарына жөнелтуге Тәшекен бастап, біз қостап бірқыдыру іс жасадық. Содан Өтекеннің орнына Тәш-ағаны орынбасар етіп тағайындадым. Ың-шыңсыз бірге қызмет істедік. Ол кісінің көмегі көп болды. Іс қағаздарын екі тілде бірдей шебер жазушы еді. Редакцияға келген қатынастардың бәрін Тәш-аға тыңғылықты етіп орындайтын. Ол кісі айтқан сөзінде әрдайым тұратын еді. Әріптестерін тайсалмай қорғай да білетін. 1986 жылы сол кездегі редактор Еренғайып ағаның қызы Салтанат Арқалықтағы «Желтоқсан оқиғасына» қатысып, оның арты шуға айналды. Облыстық партия комитетінен, Салтанат оқып жүрген Арқалық педагогикалық институтының әкімшілігінен Ер-ағаның мәселесін партиялық жиналыста қарап, қатаң жазалауды сұраған екі бірдей дөкей қатынас келді. Құдай басқа бермесін,



Ер-аға қатты қиналды. Сол кезде ашық партия жиналысына партия қатарында жоқ болса да Тәшім аға қатынасты. Аупартком хатшысы А.Мүрсәлімов обкомнан және пединституттан келген қатынастарды оқып берді. Онда студент Салтанат Әбдіхалықованың Қазақстанның жаңа билігіне қарсылық көрсеткені жан-жақты айтылған. Партия мүшелері сілтідей тынды.

- Кім сөйлейді? – деді жиналыс басқарушысы.

Сол кезде Тәшекен бірінші болып орнынан тұрды.

- Сіз коммунист емессіз ғой, - деді аупартком хатшысы.

- Ия, мен коммунист емеспін, бірақ ашық партия жиналысы болғандықтан өз пікірімді білдіруге құқылымын ғой, - деді Тәш-аға сапай.

Сосын:

- Салтанат - әлі жас. Оның не істеп, не қойып жүргенін ауылда жүрген әке-шешесі білмейді. ОныңүстінеЕренғайыпӘбдіхалыков – анау-мынау адам емес, ауданымыздың бетке ұстар азаматы. Аупарткомның пленум мүшесі, аудандық кеңестің депутаты, үлкен өнер иесі. 1941 жылы туған. Әкесі Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза болған. Ерекен ешқандай комунистік идеяға жат қылық

көрсеткен емес. Ешқашан жазаланбаған. Осы оқиғаға бола, оны партия қатарынан шығарып, қызметінен босатуға болмайды. Менің ұсынысым – оған партиялық есеп карточкасына жазып, қатаң сөгіс берілсін, жұмысын жалғастырсын. Міне, бұл – нағыз партиялық әділ шешім болар еді, - деді Тәш-аға.

Сол сол-ақ екен, барлық партия мүшелері Ер-ағанды қолдап шыға келді. Бір адам ғана қарсы болды. Ол Ер-ағаны партия қатарынан шығарып, қызметтен босатуды ұсынды. Екі ұсыныс дауысқа қойылды. Бастауыш партия ұйымының есебіндегі 13 коммунистің 12-сі Тәш-ағаның ұсынысын қолдады. Екінші ұсыныс - 1 дауыспен жеңіліс тапты.

Міне, бұл Тәш-ағаның азаматтығының бір көрінісі еді!

1995 жылы жазда Тәш-ағаны зейнеткерлікке шығарып салдық. Аудандық Қ.Әбенов атындағы Мәдениет үйінде оның 60 жасқа толған мерейтойын атап өтуге арналған салтанатты жиын болды. Аудан басшылығы және редакция ұжымы иығына шапаң жауып, қошемет көрсетті. Туыстары астына ат мінгізді.

Той салтанаты дастархан басында жалғасты. Жиналған қауым Тәш-ағаның кісілігі мен азаматтығын, журналистік

шеберлігін ақ жарыла айтты. Көптеген мадақтаулар білдірілді. Соның бәрінде Тәшекен асып-тасқан жоқ, үн-түңсіз қабылдады.

Ол кісі тамаша аңшы әрі балықшы еді. Алысқа және ауыл ішінде жолға шыкса бес аспабын асынып алатын. Оны қоржыны түрлі дәмге толы болатын. Былайғы балықшылар Тәшекеннің жайған дастарханынан мейірлене дәм тататын. Өте сыпайы, сырбаз кісі еді. Жұбайы Күлмайрам жеңгеміз Тәш-ағаның барлық жағдайын жасап қоятын. Ешқандай алаңдатпайтын. Ағаның 60 жасқа толған тойын да бастамашы болып жасаған Күлмайрам жеңгеміз болатын. Бұл кісі қолынан да, тілінен де келетін сегіз қырлы, бір сырлы бес-саспап жан ғой. Тәш-ағанды құрметтей білді. Оны ақтық сапарға да жақсылап ұзатып салды. Жақында, аудандық газеттің 80 жылдығы тойланар тұста телефон шалып:

- Қалқам, Тәшім аға аудандық газеттің құрдасы ғой. Өзін де білесің. Алла нәсіп етсе, биыл 80 жылдығын атап өтсек дейміз. Ауданға сіңірген еңбегі де, тағлымы да мол еді ғой ағаның! - деді.

Жеңгейдің осы сөзін естігенде көңілім босады. Тәш-ағам ойыма оралды. Сондай сыйласып, қызмет істеген, бір маған ғана емес, ұжымның барлық мүшелеріне бірдей сыйлы болған аға еді-ау, жарықтық. Егер тірі болғанда бізбен бірге 80 жылдықты атап өтуге ақыл-кеңес беріп, ортамызда жүрер еді. Дегенмен артында ұрпағы бар. Сүйікті қызы Әсел де таяуда хабарласып, өзінің ұсыныс-пікірлерін білдірді. Тәш-аға 80 жасқа алдағы тамыз айында келеді.

Жаны жайсаң, асыл аға, текті азамат, аудан тарихында өзіндік орны бар, Аманкелді ата музейінің тұңғыш директоры, үлкен журналист, редакция басшыларының бірі болған Тәшім Құсайынұлын Батыр ата елінің халқы ешқашан ұмытуға тиіс емес. Өйткені, Аманкелді ата аты аталғанда - оның да еңбегі ойға оралады. Аты аталады.

Қ.ҚУАНДЫҚҰЛЫ

Суретте: (солдан оңға қарай) отырғандар Тәшім ағаның анасы Ұмытшақ, ағасы Ерхан, баласы Бақыт, інісі Әділхан, жеңгесі Күлсін; екінші қатарда түрегеліп тұрғандар Тәшім Құсайынов, алғашқы жсары Базарқұл, інісі Темірхан.

◀▶ Суреттер сыр шерткенде...

ФОТОВӨНЕР-ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ БІР САЛАСЫ



70-80-ші жылдары фототілшілер саусақпен санарлықтай болды. Олар өндірістен келіп, газеттерге немесе тұрмыс қажетін өтеу мекемесінде жұмысқа тұратын. Фотограф арнайы жерде фотоға түсіріп, халыққа қызмет етсе, фототілшілер газет-журналдарда жұмыс жасады.

Аудан баспасөзінде жүрген фотожурналистердің саны айтарлықтай көп те емес еді. Қасымбек Қанафиннің, Мейрам Қанафияұлының және тілшілік пен фототілшілікті қатар меңгерген Төлеген Сейдахметовтердің есімдердері газет-журналсыз отыра алмайтын ағайынға жақсы таныс еді. Қазіргі замандағыдай емес, ол кезде фотографтардың жұмысы ауыр болды фотоға түсіріп келгеннен соң арнай дайындалаған есік терезесі жабық, қараңғы бөлмеде түрлі зиянды сұйықтықтардың көмегімен фото шығаратын. Оларды бір екі-күн кептіретін. Олардың түсірген әрбір фотосы ауыл өмірін, ауданның тыныс-тіршілігін дөңгелентіп көз алдыңызға алып келетін. Тілшілер жазған түрлі жанрдағы мақалаларға жан бітіріп, газеттің мазмұнын ашып тұратын. Сондықтан болар газет редакторлары «фотосыз газет соқыр газет» дейтін. Фототілшіге тән қырағылықпен түсірілген 5-6 фото болған жағдайды түсінуге болатын еді.



Қасымбек пен Мейрам кез келген қас-қағым сәтті қалт жібермей, объективке үлкен шеберлікпен іліндіретін.

Әрбірсуретін «сөйлете» білуі тиіс фототілшілерге артылар жауапкершілік те, қойылар талап та көп болатын. Олар көп еңбек сіңірді. Шалғай елді мекендерге тілшілермен барып, еңбек майталмандары жайлы қыруар фото түсіріп алып келетін. Олар түсірген фотосын тілшілер жыл бойы пайдаланатын. Сол фото арқылы талай фельетондар мен өткір мақалалар жазылатын. Ал қазіргі таңда фотоға түсіру еш қиын емес. Кез-келген адамның қолында жеке өзінің фотоаппараты бар. Фотоаппараттың да түр-түрі жетерлік. Дегенмен фотоға түсіру - аңғарымпаздықты, икемділікті талап ететін мамандық. Фототілшілік – көзқарас пен пікірді сурет арқылы беретін журналистиканың бір саласы.

Гүлбаршын СМАЙЫЛОВА

Суретте: фототілшілер М.Қанафияұлы, Қ.Қанафин және Т.Сейдахметовтер тәжірибе алмасып тұрған сәт. Суретті түсірген автор.

